



«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлері
жалпы жиналысының шешімімен
бекітілді
(2019 жылғы 30 мамырдағы № 1 хаттама)

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының Жалғыз акционер – «Самұрық Қазына» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 15 қазандағы шешімімен (№ 28/18 хаттама) бекітілген Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Қоғамның (Қоғамның атқарушы органының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е 10 көшесі, 17/12 үй.»;
- 24-тармақтың 4) тармақшасында «Қоғамның тіркеушісінен» деген сөздер «орталық депозитарийінен» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 26-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) орталық депозитарийді және (немесе) акционерге тиесілі акциялардың номиналдық ұстаушысын Қоғам акцияларының ұстаушылары тізімдемесі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар ету;»;
- 33-тармақта «Қоғамның тіркеушісі» деген сөздер «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 35-тармақта «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында» деген сөздермен ауыстырылсын;
- 36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«36. Қоғамның дауыс беретін акцияларының 30% (отыз пайыз) немесе одан көбін немесе дауыс беретін акциялардың өзге санын бағалы қағаздардың қайталама нарығында жеке немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп сатып алған және осы сатып алу нәтижесінде Қоғамның дауыс беретін акцияларының 30% (отыз пайыз) немесе одан көбі осы тұлғаға жеке немесе оның үлестес тұлғаларымен бірлестікте тиесілі болған тұлға сатып алған

күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қалған акционерлерге оларға тиесілі Қоғам акцияларын сату ұсынысын Қоғамға жолдауға міндетті.

Қалған акционерлерге оларға тиесілі Қоғам акцияларын сату ұсынысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының 30% (отыз пайыз) немесе одан көбі тиесілі болған тұлға мен оның үлестес тұлғалары туралы деректер, атын (атауын), тұратын жерін (орналасқан жерін), оларға тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларының санын және акцияларды сатудың Заңға сәйкес анықталатын ұсынылатын бағасын көрсетумен қоса, болуы тиіс.»;

7. 43-тармақтың бірінші абзацы алынып тасталсын;

8. 46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Артықшылықты акциялар бойынша (егер Қоғам артықшылықты акциялар шығарған болса) дивидендтер төлеу мерзіміне дейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде осындай дивидендтердің төленгендігі туралы ақпаратты Жарғының 43-тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында тізілген мәліметтерді көрсетіп жариялауы тиіс.»;

9. 54-тармақтың 2) тармақшасында «Қоғамның тіркеушісі» деген сөздер «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

10. 59-тармақта «Қоғамның тіркеушісі» деген сөздер «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

11. 61-тармақ мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын «, сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда.»;

12. 62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«62. Алдағы уақытта Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы акционерлерге 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, ал бір немесе одан көп акционерге хабарлау үшін пошта байланысының құралдары қолданылатын сырттай немесе аралас дауыс берілетін жағдайда – жиналыс өткізілетін күннен 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын хабарлануы тиіс.

Қоғам акционерлері көзбе көз өткізілетін, Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталатын байланыс құралдарын пайдаланумен қашықтан өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының отырысына қатысуға құқылы.»;

13. 63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіндігі туралы хабарлама қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің

интернет-ресурсында, сонымен қатар Қоғамның құнды қағаздары айналатын қор биржасының листингтік қағидаларының талаптарына сәйкес өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспайтын болса, хабарлама акционерге оған жазбаша хабарлама жолдау жолымен жеткізілуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіндігі туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жолданады.

Жарғының 62-тармағында белгіленген мерзімдер қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіндігі туралы хабарлама жарияланған күннен бастап немесе акционерлерге жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап саналады.»;

14. 64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабарламада:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға бастамашылық етуші туралы мәліметтер;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күн мен жиналыстың өтетін орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты, сонымен қатар, бірінші жиналыс өтпей қалған жағдайда өткізілуі тиіс, қайтадан өткізілетін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өтетін күні мен орны

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Қоғам акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі сұрақтары бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

7) Акционерлерді Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беруді жүргізудің тәртібі ;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің оларға сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін нормалары болуы тиіс.

Аралас дауыс берілетін жағдайда Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабарламада бюллетендерді ұсынудың түпкілікті күні қосымша көрсетіледі:

Сырттай дауыс берілетін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабарламада:

Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабарламада келесі мәліметтер болуы тиіс:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға бастамашылық етуші туралы мәліметтер;

3) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн;

4) сырттай дауыс беру нәтижелерін санау үшін бюллетендерді ұсынудың басалатын және аяқталатын күні;

5) сырттай дауыс беру нәтижелері саналатын күн;

6) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;

7) Қоғам акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі сұрақтары бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

8) дауыс беруді жүргізудің тәртібі;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің оларға сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін нормалары болуы тиіс.

Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдаған кезде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге жүгіне алады.

Миноритарлық акционердің жүгінуі және орталық депозитарийдің басқа акционерлерге ақпарат таратуының тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағымен белгіленеді.»;

15. 71-тармақта:

1) 1-абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Көзбе көз тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне:

1) Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5% (бес пайызына) немесе одан көбіне жеке немесе өзінің үлестес тұлғаларымен бірлесіп иелік ететін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар енгізіле алады, егер Қоғам акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей хабарланса;

2) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіле алады, егер олар үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және жалпы жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының кемінде 95 (тоқсан бес) пайызына иелік ететін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілік бөлігі дауыс берсе.»;

3) «Күн тәртібі» деген сөздердің алдынан «көзбе көз тәртіпте өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының» деген сөздермен толықтырылсын;

16. 77-тармақта «жиналысқа қатысушыларды тіркеуді аяқтау мезетіне» деген сөздерден кейін «(Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жағдайда барлық бюллетендер тапсырылған

немесе бюллетендерді ұсыну мерзімі аяқталған күнге)» деген сөздермен толықтырылсын;

17. 84-тармақта «Акционерлердің жалпы жиналысын» деген сөздерден кейін «көзбе көз тәртіпте өткізу» деген сөздермен толықтырылсын»;

18. 85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«85. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін жиналысқа келген барлық акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттіктерін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Аралас дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде сырттай дауыс берген акционерлердің (олардың өкілдерінің) бюллетеньдері есепке алынады.

Көзбе көз тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген акционер (немесе акционердің өкілі) кворумды анықтауда есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Қоғамның артықшылықты акциялар иесі болып табылатын акционері көзбе көз өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және жиналыста қаралатын сұрақтарды талқылауға құқылы, алайда, Жарғының 30-тармағында қарастырылған жағдайды қоспағанда, оның дауыс беру құқығы жоқ.

Акционерлердің көзбе көз өткізілетін жалпы жиналысына шақырылған тұлғалар қатыса алады, бұл ретте мұндай тұлғалар Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуге жиналыс төрағасының рұқсатымен құқылы.

Дауыс беру үшін бұрын бюллетень жолдаған акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бұрын жолданған бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде және күн тәртібінің сұрақтары бойынша дауыстарды санағанда есепке алынбайды.»;

19. 94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«94. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға:

1) Пошта байланысын пайдаланған жағдайда - Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күнге дейін 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс;

2) Хабарлама электрондық тәсілмен жолданған немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына орналастырылған жағдайда - Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

Сырттай дауыс берілген жағдайда Қоғам Жарғының 63-тармағына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіндігі туралы хабарламамен бірге жариялайды.»;

20. 95-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«4) Акционерлердің жалпы жиналысының жабылатын күні;»;

21. 96-тармақта:

1) бірінші абзацта «өзі» сөзінен кейін «(акционер-жеке тұлғаның өкілі)» деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционердің өкілі қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге сенімхат немесе акционердің өкілінің өкілеттіктерін растайтын өзге құжат қоса беріледі.»;

22. 99-тармақ алынып тасталсын;

23. 100-тармақта «Жарғының 189-тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында» деген сөздермен ауыстырылсын;

24. 103-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«103. Көзбе көз тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

1) көзбе көз тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері) және хатшысы;

2) есеп комиссиясының (бар болған жағдайда) мүшелері қол қояды.

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (есеп комиссиясын сайлау қажет болмаған жағдайда - Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға жатады.»;

25. 106-тармақта:

1) 17) тармақшада «және ол ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау» деген сөздер алынып тасталсын;

2) 21) тармақшада «оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау,» деген сөздер алынып тасталсын;

26. 131-тармақтың 3-абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне көзбе көз отырысты өткізуден (ал сырттай отырыс кезінде – сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерді қабылдау аяқталған күннен) кемінде 10 (он) күн бұрын ұсынылады, материалдары Директорлар кеңесінің мүшелеріне ақпарат ашылатын/отырыс өткізілетін күннен 1 (бір) жұмыс күні бұрын ұсынылатын инсайдерлік ақпаратты ашу және кейінге қалдыру сұрақтарын және келісу/шешім қабылдау Директорлар кеңесінің келісуге/отырысқа қатысып отырған мүшелерінің кемінде 2/3 (екіден үшіннің) дауысымен қабылданатын Директорлар кеңесінің Төрағасымен келісім бойынша өзге сұрақтарды, сонымен қатар материалдары Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күннен кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын берілетін төменде көрсетілген сұрақтарды қоспағанда:»;

27. 134-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«134. Директорлар кеңесінің мүшелері, сонымен қатар сарапшылар Директорлар кеңесінің отырысына телефонмен конференц-байланыс арқылы немесе отырысқа қатысушылардың барлығының бірін-бірі естуіне және бір-бірімен сөйлесуіне мүмкіндік беретін басқа да байланыс түрі арқылы қатыса алады.

Директорлар кеңесінің отырысына осындай байланыс арқылы қатысып отырған Директорлар кеңесінің мүшелері, Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумда есепке алынуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай отырысы сырттай болып табылады.»;

28. 146-тармақтың 25) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«25) жасасуына Қоғам қызығушылық танытқан мынадай мәмілелер жасасу:

а) «Самұрқ-Қазына» АҚ-мен;

б) дауыс беретін акцияларының (Жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде Қоғамға меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқарумен тиесілі заңды тұлғалармен;

в) мемлекеттік бағдарламаларды және «Самұрық-Қазына» АҚ трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқарумен тиесілі заңды тұлғалармен;»;

29. 183-тармақта «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында» деген сөздермен ауыстырылсын;

30. 189-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«189. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте ақпаратты ашуға міндетті.»;

31. 191-тармақтың бірінші абзацы алынып тасталсын;

32. 194-тармақта «Акционердің жазбаша талабы бойынша Қоғам оған заңнамамен және осы Жарғымен қарастырылған құжаттарды Қоғамға мұндай талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті» деген сөздер алынып тасталсын.

Басқарма төрағасы



Ғ. Пірматов



Қазақстан Республикасы. Нұр-Сұлтан қаласы.

Екі мың он тоғызыншы отыз бірінші мамыры.

Мен, Омарова Гульжан Ерболатовна, Нұр-Сұлтан қаласының нотариусы 03.09.2008 жылы Қазақстан Республикасы әділет Министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен берген мемлекеттік лицензия № 0002072 негізінде әрекет етуші, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Пирматов Галимжан Олжаевич менің қатысуыммен қойған қолының түпнұсқалығын куәландырдым. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі және өкілеттілігі, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының құқықтық қабілеттілігі тексерілді.

Республика Казахстан. Город Нур-Султан.

Тридцать первое мая две тысячи девятнадцатого года.


Я, Омарова Гульжан Ерболатовна, нотариус города Нур-Султан, действующая на основании государственной лицензии № 0002072 от 03.09.2008 года, выданной Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи Министерства юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Председателя правления Акционерного общества «Национальная атомная компания «Казатомпром» Пирматова Галимжана Олжаевича, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность Акционерного общества «Национальная атомная компания «Казатомпром» проверены.

Реестрде тіркелді/Зарегистрировано в реестре № 958

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 611 бабына және «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 30-1 бабына сәйкес Нотариусқа төленген сома

Сумма, оплаченная нотариусу: согласно статье 611 Налогового кодекса Республики Казахстан и статье 30-1 Закона Республики Казахстан «О нотариате»

НОТАРИУС



Немірленіп тігілді
прошнумеровано и пронумеровано
на 16 Мама 2019 ж
Нотариус Омарова Г.Е.
16 парақта

СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ
ҚАРАҢЫЗ
АЯРЫ ЖАРЫНА